

**Әкімдіктің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 26 "Әулікөл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 159 "Әулікөл ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін іске асыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 96 қаулысы. Қостанай облысы Әулікөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 сәуірде № 9-7-117 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 1-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Заңының 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес және Әулікөл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 159 "Әулікөл ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-109 тіркелген) шешімін іске асыру мақсатында Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2010 жылғы 25 қаңтардағы № 26 "Әулікөл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 159 "Әулікөл ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін іске асыру туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-114 тіркелген, 2010 жылғы 4 наурызда № 10 "Әулікөл" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасында "500" сандары "2000" сандарымен алмастырылсын;

1-тармақтың 8) тармақшасында "25000" сандары "35000" сандарымен алмастырылсын;

1-тармақ келесі мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқытылатын жастарға техникалық, кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алуға байланысты шығындарды өтеу үшін әлеуметтік көмек:

тұрғындардың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын; табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен";

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшаның 2 тармағы келесі мазмұндағы 9), 10)

тармақшалармен

толықтырылсын:

"9) халықтың әлеуметтік қорғалатын тобына жататын жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқытылатын жастарға әлеуметтік көмек: оқу орнын және оқу жылында оқығаны үшін төлем ақы мөлшерін растайтын құжат; өтініш берушінің (отбасының) әлеуметтік қорғалатын азаматтарға жататынын растайтын құжаттың көшірмесі;

"10) табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқытылатын жастарға әлеуметтік көмек: оқу орнын және оқу жылында оқығаны үшін төлем ақы мөлшерін растайтын құжат; отбасының жиынтық табысын растайтын құжаттар".

2. Осы қаулы 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ә у л и е к ө л

ауданының әкімі

Б. Ғаязов

КЕЛІСІЛДІ:

Ә у л и е к ө л а у д а н д ы қ  
м ә с л и х а т ы н ы ң х а т ш ы с ы

\_\_\_\_\_ Бондаренко А.И.

Қостанай облысы әкімдігінің  
денсаулық сақтау басқармасының  
"Әуликөл аудандық орталық  
ауруханасы" мемлекеттік  
коммуналдық қазыналы  
кәсіпорнының бас дәрігері

\_\_\_\_\_ Шульгин С.В.

Әуликөл селосының әкімі

\_\_\_\_\_ Лыфарь А.В.

"Әуликөл ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ Оспанов С.Ә.

"Әуликөл ауданының экономика  
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Печникова Т.И.

"Әуликөл ауданының қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Төребаева З.Ш.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК